

**«Құқық тәртібінің жай-күйі және ішкі істер органдары қызметінің
басым бағыттары туралы» тақырыбындағы
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

- 1) маскүнемдікке, нашақорлыққа, қылмыстылыққа, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуына, заңсыз көші-қонға қарсы күресті жандандыруға, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметсіздендіруге бағытталған құқық бұзушылықтардың әлеуметтік профилактикасы жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастырсын;
- 2) құқық бұзушылықтардың профилактикасы саласында жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, барлық меншік нысанындағы ұйымдардың, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың қатысуын жандандыру бойынша шаралар қабылдасын;
- 3) Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жетілдіру және жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне:

- 1) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен бірлесіп, қылмыстарды толық тіркеуді қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, алдын ала тергеу мен анықтау барысында заңдылықты нығайту жөніндегі принциптік бағытты жүргізуді жалғастырсын;
- 2) Қазақстан Республикасының мүдделері мен қауіпсіздігіне қатысты интеграциялық процестерді ескере отырып, ұйымдасқан қылмысқа, есірткімен байланысты қылмысқа және заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл бойынша қосымша шаралар қабылдасын;
- 3) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жетілдіруді жалғастырсын;
- 4) Министрліктің заң қызметін заң жобалау жұмысы жөніндегі жеке бөлімшемен нығайту туралы мәселені қарасын;
- 5) учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілерінің, сондай-ақ оқу орындарына бекітілген кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының (мектеп инспекторларының) штат санын ұлғайту мәселелерін талдасын;
- 6) оқу орындарына бекітілген кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының (мектеп инспекторларының) лауазымдарын кәсіптік даярлау мәселелерін қарастырсын;
- 7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, жоғары оқу орындарына «оқу орындарына бекітілген кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы (мектеп инспекторы)»

мамандығы бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын бөлімшелерді енгізу туралы мәселені зерделесін;

8) облыстық бағыныстағы қалалардағы тұрғын аудандарда және қоғамдық орындарда бейнебақылау камераларын орнату туралы мәселені зерделесін.